



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 15/93
13 сәуір



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СУ ТАСҚЫНЫНА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫН ЖОЮ ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі уақытта ахуал әлі де өте күрделі екенін атап өтті. Оның айтуынша, бес аймақта, яғни Атырау, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында су тасқынының екінші толқыны болуы мүмкін. Қалған алты облыста, атап айтқанда, Қостанай, Қарағанды, Ақтөбе, Абай, Павлодар, Ұлытауда жағдай тұрақтала бастаған.

Мемлекет басшысы адамдарды дер кезінде қауіпсіз жерге көшіру және қарғын судан зардап шеккен азаматтарға қажетті көмек беру қазіргі басты міндет екеніне назар аударды.

Президент өзінің тапсырмасы бойынша мемлекеттік материалдық резервтен арнаулы техника және басқа да жабдықтар алуға рұқсат етілгенін айтты.

– Мен шығынды өтеу үшін тиімді тәсілдер қарастыру туралы нақты тапсырма бердім. Бұл мақсатқа бюджет қаражатымен қатар «Қазақстан

халқына» қоры мен ірі бизнес өкілдері бөлген қаржы жұмсалады. Сондай-ақ тағы бір өте маңызды мәселе. Бұл – су басқан аймақтардағы эпидемиологиялық ахуал. Жағдайды қатаң бақылауда ұстау қажет. Көктемгі егіс науқанына да дайындалу керек. Су астында қалған елді мекендерде ешқандай заң бұзушылыққа жол бермеу қажет. Менің тапсырмаммен Үкімет басшысы және оның орынбасарлары қазір аймақтарда жүр. Олар жағдай тұрақталғанша барлық жұмысты үйлестіреді, елмен бірге болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы табиғи апаттан зардап шеккен аймақтардағы азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін айрықша бақылауда ұстау және бағаның өсуіне жол бермеу қажет екеніне тағы да назар аударды. Сондай-ақ азаматтар үшін әуе және темір жол көліктеріне билеттің қымбаттауына жол беруге болмайтынын ескертті.

– Үкімет пен әкімдіктер зардап

шеккен адамдарды орналастыру, оларға қажетті көмек беру мәселелерін тез арада шешуге тиіс. Қазір бұл жұмыстар атқарылып жатыр. Эвакуациялық пункттердегі жағдайды тұрақты бақылауда ұстау керек. Жоғалған құжаттарды қалпына келтіру, құқықтық және психологиялық көмек көрсету пункттерін жедел ұйымдастыру қажет. Айтпақшы, жоғалған құжаттар да проблема болады. Адамдар үйлерін асығыс тастап кетті. Құжаттарын қалпына келтіруге көмектесу керек. Жағдай өте күрделі аудандарда қоғамдық штабтар орналастырылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілсін, – деді Президент.

Жиын барысында Денсаулық сақтау министрлігіне Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірге еліміздегі санитариялық-эпидемиологиялық және эпизоотиялық жағдайға бақылауды күшейтіп, тәулік бойы мониторинг жүргізу, сондай-ақ көп-пәтерлі үйлерге, әлеуметтік және басқа да нысандарға дезинфекция жасау жөнінде тапсырма берілді.

Су тасқынына байланысты жұқпалы аурулардың таралып жатқаны және эпидемиологиялық жағдайдың нашарлағаны туралы әлеуметтік желілерде жарияланған ақпарат расталмады.

Бұдан бөлек, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне тұрғын үйлерді, әлеуметтік инфрақұрылымды, коммуналдық шаруашылық нысандарын қайта қалпына келтіру жұмыстарын үйлестіру үшін жедел топ жасақтау жөнінде тапсырма берілді.

– Су басқан өңірлердің әкімдері қажетті қаржыландыру туралы есепті жедел штабқа тез арада беруі керек. Сондай-ақ аумақты қоқыстан, қираған үйлер мен құрылыстардың үйінділерінен тазартқан жөн. Зардап шеккен

өңірлерге Ауыл шаруашылығы, Көлік, Денсаулық сақтау, Су ресурстары, Төтенше жағдайлар, Экология, Ғылым және жоғары білім вице-министрлерін жіберу қажет. Айтпақшы, су тасқынына ұшырамаған өңірлерде менің тапсырмаммен «Таза Қазақстан» науқаны басталды. Мен әкімдердің бәріне бұл бірреттік науқан емес екенін ескерттім. Басқаша айтқанда, сенбілікке шығып, жұмыс істеген сынай танытып, көзбояушылық жасауға болмайды. Көршілес елдердегі секілді бізге де Қазақстанды көгалдандыру, өңірлер мен қалалардың аумақтарын тазарту жұмыстарын үнемі жүргізу керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы азаматтар үшін тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстарына нақты уақыт режимінде мониторинг жүргізу жөнінде тапсырма берді. Сондай-ақ жыл соңына дейін су тасқынына қарсы шараларды басқарудың ұзақмерзімді стратегиясын анықтап, тиісті бағдарламалық құжаттарды қабылдау міндетін жүктеді.

Жиын барысында Премьер-Министр Олжас Бектенов, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова, Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров, Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғазев баяндама жасады.

akorda.kz

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ АТЫНАН ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ШЕТ АУДАНЫНДА ЗАРДАП ШЕККЕН ЕЛДІ МЕКЕН ТҰРҒЫНДАРЫНА КӨМЕК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Приозерск қалалық мешітінің ұйымдастырумен, қала тұрғындардың атынан Қарағанды облысы, Шет ауданында тасқыннан зардап шеккен елді мекен тұрғындарына қайырымдылық көмек ретінде 100 (жүз) көрпе, 100 (жүз) жастық, 100 (жүз) матрац жіберілді. Қала ақсақалдары жақсы тілектерін айтып, қайырымдылық көмегі тиелген автокөлігін шығарып салды.

По инициативе Приозерской городской мечети от имени горожан в качестве благотвори-

тельной помощи жителям пострадавшего от наводнения населенного пункта Шетского района Карагандинской области направлено 100 (сто) одеял, 100 (сто) подушек, 100 (сто) матрасов. Ақсақалы города пожелали добрых пожеланий и провожали автомобиль с благотворительной помощью.

Қожахметов Д.С.

Приозерск қаласының орталық
мешітінің бас имамы



ЕРМАҒАНБЕТ БӨЛЕКПАЕВ ТЕМІРТАУ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН БІРГЕ СЕНБІЛІККЕ ШЫҚТЫ

Теміртауда жиналмаған аумақтар үшін полиция күн сайын орта есеппен 20 ұйғарым жазады. Егер бір апта ішінде тәртіп орнатылмаса, онда 30 мың теңгеге дейін айыппұл салынады. Сенбілікке Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысты.

Аймақ басшысы алдымен Нұра, Бұқар жырау және Осакаров аудандарының тұрғындары үшін аудандық орталық ауруханаға барып, оған қосымша құрылыс пен жоспарлар туралы айтып берді.

Аурухана осы жылдың күзінде жаңа форматта жұмыс істей бастауы тиіс.

Бұдан әрі облыс әкімі Теміртаудың бірнеше ауласында болып, қаланың проблемалары туралы айтып қана қоймай, көшені тазалауға шыққан белсенділерге қосылды. 7-ші шағын ауданның 12-ші үйінің тұрғындарымен бірге Ермағанбет Бөлекпаев алаңда тазалық орнатуға көмектесті.

– Бүгін Теміртауға, ал келесі аптада Саран, Шахтинск, Абайға



барамын. Облыстың барлық қалалары мен аудандарына барамыз. Сенбілікке шығып, ауласын тазалап жатқан үйлердің тұрғындарына алғыс айтқым келеді. Мұндағы алаң өте жақсы. Қала әкіміне мұнда да абаттандыру мүмкіндігін қарастыруды тапсырдым. Мен барлық тұрғындарға тағы да жүгінемін: шығып, аумақтарыңызды тазалаңыздар, – деді облыс әкімі.

– Біз бұл жасыл аймақты өте жақсы көреміз. Міне, біздің балалар да серуендейді, сондықтан біз қадағалаймыз. Біз әрқашан сенбілікке барамыз. Көршілеріміз өте белсенді, – дейді 7-шағын ауданның 12-ші үйінің тұрғыны Елена Ардабаева. Сондай-ақ, облыс басшысы 7-ші шағын ауданның басқа аулаларында да болды. Автотұрақ иесіне санитарлық

жағдай бойынша ескерту жасады. Олар қазірдің өзінде тәртіп орнатып жатқанын хабарлады.

Қалаға кіре берісте Металлургтер даңғылын жөндеуге дайындық басталды, асфальт фрезерлеу техникасы жұмыс істеп датыр. Келесі аптадан бастап мердігерлер Металлургтер даңғылындағы – Бейбітшілік даңғылынан Республикаға дейінгі жол төсемін ағымдағы жөндеуге кіріседі.

Теміртауда аулаларды, жолдар мен тротуарларды, саябақтар мен гүлзарларды тазалау жұмыстары жүріп жатыр. Рұқсат етілмеген полигондар жойылады.

Сенбілікке жастар мен бизнес-қоғамдастық қатысуда. «Таза Қазақстан» науқаны басталғаннан бері полигонға барлығы 1557 тонна қоқыс шығарылды.

Естеріңізге сала кетейік, Қарағанды облысында бір ай бойы «Таза Қазақстан» акциясы өтуде.

Қарағанды облысының әкімдігінің баспасөз орталығы

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС XVI СЕССИЯСЫ ВНЕОЧЕРЕДНАЯ XVI СЕССИЯ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА

VIII шақырылған қалалық мәслихаттың кезектен тыс XVI сессиясы өтті. Сессия жұмысына қала әкімінің орынбасары Ұлан Алмасұлы Алмас, мекеме басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Сәрсембеков Бекзат Муксинұлы VIII шақырылған қалалық мәслихат депутаттарының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатып, шығып қалған депутаттардың орнына «AMANAT» партиясынан сайланған депутаттар № 7 сайлау округі бойынша Галимжанов Руслан Еркінбаевичты және № 10 сайлау округі бойынша Койшин Руслан Канатовичты тіркеу туралы хабарлама жасап, депутаттық куәлік пен төсбелгісін

салтанатты түрде табыстады.

Сонымен қатар қалалық мәслихаттың әлеуметтік - мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі болып Койшин Руслан Канатович және құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі болып Галимжанов Руслан Еркінбайұлы бекітілді.

Сессия соңында қала әкімінің орынбасары Алмас Ұлан Алмасұлы және Приозерск қалалық «AMANAT» партиясының төрағасы Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы жаңа сайланған депутаттарға жұмыстарына сәттілік тіледі.



Состоялась внеочередная XVI сессия городского маслихата VIII созыва. В заседании приняли участие заместитель акима Алмас Ұлан Алмасұлы, руководители учреждений и представители СМИ.

О досрочном прекращении полномочий депутатов городского маслихата VIII созыва и регистрации депутатов, пришедшего на смену выбывших, избранные от партии «AMANAT», Председатель городской избирательной комиссии Сарсембеков Бекзат Муксинович сделал уведомление о регистрации избирательному округу №7 Галимжанова Руслана Еркінбаевича по и по округу №10 Койшина Руслана Канатовича и торжественно вручил удостове-

ние и нагрудной знак депутатам.

Кроме того, Койшин Руслан Канатович утвержден членом постоянной комиссии городского маслихата по социально-культурному развитию и социальной защите населения и Галимжанов Руслан Еркінбаевич утвержден в состав постоянной комиссии по строительству, транспорту, коммунальному хозяйству и аграрным вопросам.

В завершение заседания заместитель акима города Алмас Ұлан Алмасұлы и председатель партии «AMANAT» г. Приозерска Дүйсембаев Дулат Орынбасарович пожелали новоизбранным депутатам успехов в работе.

Приозерск қалалық мәслихаты



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ Приозерск қаласының бас жоспары егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен (ЕТЖЖ) біріктірілген бас жоспарға түзету енгізу бойынша қоғамдық талқылау өткізетіні туралы хабарлайды. Қоғамдық талқылаулар 29.04.2024 жылы Приозерск қаласы, Космонавтар көшесі 2 «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК 2-ші қабат акт залы мекенжайы бойынша өтеді.

Сұрақтар бойынша жобаның тапсырыс берушінің өкіліне 8 701 185 10 00 бойынша немесе «Приозерск қаласы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-не 8 710 395 40 13 қоңырау шалуға болады.

Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерска» сообщает о проведении общественного обсуждения по внесению поправок в Генеральный план, объединенный с проектом детальной планировки (ПДП) генерального плана города Приозерска. Общественные обсуждения состоятся 29.04.2024 года по адресу: г. Приозерск, ул. Космонавтов 2, КГКП «центр детско-юношеского творчества» Достық», актовый зал 2 этаж.

По вопросам можно позвонить представителю заказчика проекта по 8 777 497 79 09 или в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» по телефону 8 710 395 40 13.

Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерска

ГЕНДЕРНОЕ РАВЕНСТВО

Гендерное равенство — это концепция, которая исходит из того, что экономика, культура и общественное устройство вместо того, чтобы воспроизводить неравный доступ мужчинам и женщинам к общественным благам (таким как образование, занятость, политическое участие, безопасность), должны понимать, признавать существующее неравенство и корректировать работу социальных механизмов (включая гендерные стереотипы), чтобы создавать условия для реализации равных прав и возможностей, устранять барьеры на пути к этому.

Гендерное равенство стало частью международного права в области прав человека в соответствии с Всеобщей декларацией прав человека, принятой Генеральной Ассамблеей ООН 10 декабря 1948 года. В этом знаковом документе в истории прав человека признается, что «все люди рождаются свободными и равными в своем достоинстве и правах» и что «каждый человек должен обладать всеми правами и всеми свободами, изложенными в этой Декларации, без какого бы то ни было различия, как то в отношении расы, религии или иного положения».

В 1979 году Генеральная Ассамблея приняла Конвенцию о ликвидации всех форм

дискриминации в отношении женщин, которую часто называют международным биллем о правах женщин. В 30 статьях Конвенции дается четкое определение понятия дискриминации в отношении женщин и предлагается повестка дня для действий на национальном уровне, призванных положить конец такой дискриминации.

Прогресс Казахстана в достижении гендерного равноправия отмечается на международном уровне. Так, согласно глобальному рейтингу Всемирного экономического форума у Казахстана улучшились показатели по сокращению гендерного неравенства. По результатам рейтинга наша страна заняла уже 65-е место из 146 стран. Она поднялась с 80-го места всего за один год и встала в ряд с Италией, Израилем, опередив при этом, к примеру, Чехию, Польшу и Армению.

Гендерное равенство, одно из важнейших прав человека, играет ключевую роль в деле обеспечения мира и согласия в обществе и полноценной реализации человеческого потенциала на основе устойчивого развития. Доказано, что вовлечение женщин в жизнь общества обеспечивает рост продуктивности и экономический рост.

Городской суд



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Тұжырымдама негізгі төрт бағытты қарастырады. Олар – тәуекелге бағдарланған тәсіл негізінде еңбекті қорғаудың ұлттық жүйесін жаңғырту, жұмыс орындарында тәуекелді төмендету жөніндегі шараларды экономикалық ынталандыру, кәсіби құзыреттер мен ғылыми әлеуетті дамыту, сондай-ақ, еңбекті қорғау саласындағы бақылау мен мониторингтің тиімділігін арттыру.

**«Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы
нені көздейді?» мақаласынан
«ORTALYQ QAZAQSTAN»**



ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Тұжырымдама Қарағанды сияқты өндірістік өңір үшін аса маңызды. Облыстық еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы дерегінше, аймақтағы өндіріс ошақтарында 2023 жылы 130 жазатайым оқиға орын алған. Оның алдыңғы жылында 153 жазатайым оқиға тіркеліпті. Онда 233 адам зардап шекті, бұл 2022 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 29%-ға артық (2022 жылы – 180 адам).

**«Қауіпсіз еңбек тұжырымдамасы
нені көздейді?» мақаласынан
«ORTALYQ QAZAQSTAN»**

«МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН ДАУДАРДЫ (ЖАНЖАЛДАРДЫ) ШЕШУ»

Медиация термині латын тіліндегі геометриялық «медиана» - орта сызық деген ұғымды білдіреді. Қазақ ұғымына сәйкестендірсек, медиатор – екі жаққа да ортақ, дау-дамайда айтысушы жақтарды мәмілеге келтіріп, тең шешетін арағайын. «Медиация туралы» Заңның 1-бабында оның қолданылу аясы белгіленген. Жеке немесе заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын даулар, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар медиацияның қолданылу саласы болып табылады. Медиация, яғни, арағайындық негізінен тұрғын үй, еңбек, отбасылық және көршілер арасындағы даулар мен кикілжіңдерді шешуге қолданылады. Ал қылмыстық істер, егер олар аса ауыр болмаса, сотта қаралуға жатпаса, оларды да медиаторлардың қарауына беруге болады.

Сонымен медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен арадағы дауды реттеу рәсімі. Ал медиатор – кәсіби және кәсіби емес негізінде медиация жүргізу үшін тараптар тартатын тәуелсіз тұлға.

Сот төрағасы Б.А.Дауыбаев

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН», «ТАЗА ӨЛКЕ» АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА



Приозерск қаласында бүкіл еліміздің елді мекендеріндегідей көшелерді, саябақтарды тазартылуда. Бүгін «Таза Қазақстан» акциясы аясында «Туған өлке» апталығының сенбілігі өткізіліп, мемлекеттік мекемелер, бизнес өкілдері, спортшылар мен қала тұрғындары шықты. Акцияға 1000 жуық адам қамтылып қаланы қоқыстан арылту, көшелерді тазалау, аулаларды көркейту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Қала көшелері бірнеше секторға бөлініп, жауапты мекемелерге бекітілді. Қазіргі мерзімге 8 арнайы техникамен қамтылған, аула, кәсіпорындар мен мекемелердің аумақтары, көшелер тазартылып 14 машина қоқыс шығарылды.

В Приозерске убирают улицы, парки, как и в населенных пунктах всей страны. Сегодня в рамках акции «Таза Қазақстан» прошел субботник недели «Туған өлке», на который вышли представители государственных учреждений, бизнеса, спортсмены и жители города. В акции приняли участие около 1000 человек, ведется активная работа по очистке города от мусора, уборке улиц, благоустройству дворов. Улицы города были разделены на несколько секторов и закреплены за ответственными учреждениями. На текущий период очищено территория предприятий и учреждений, во дворе, по улицам города, задействованы 8 спецтехника и вывезено 14 машин мусора.

Приозерск қаласының әкімдігі

«ҚАСҚАКӨЛ ДАУЫ»



Әйтеке бидің туғанына — 380 жыл
Тарихта халқымыздың біртұтас
ел болып, мемлекеттігін сақтап
қалуы үшін күрескен тұлғалар-
дың бірі — Әйтеке би Бәйбекұлы.

Әйтеке Би Бәйбекұлы — бар
ғұмырын халық игілігіне арнаған
данышпан тұлға. Барлық дауда әділ
шешім шығарып, халқының ықыласы-
на бөленген әулие адам. Осыған орай

«Приозерск қалалық кітапханасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
Әйтеке Бәйбекұлының туғанына
380 жыл толуына орай «Қасқакөл
дауы» тақырыбында тарихи тағылым-
дық кеші өткізілді. Кешке №1
мектептің 9-сынып оқушылары
қатысты. Іс-шараны барысында
атақты тұлғаның өмірі мен ел үшін
жасаған еңбегі жайлы айтылды.

Мемлекет қайраткері, кеменгер
ойшы, «үш жүздің еш баласын
жат көрмейтін» (Қожаберген жырау)
даңқты би Әйтеке Бәйбекұлының
есімі осылайша ортамызға оралып,
біржола орныққан еді.

Өкінішке қарай, Әйтеке бидің
туған-өлген жылдары туралы нақты
деректер сақталмаған. Бірақ
Қожаберген жырау:

«Өткен жылы Әйтеке би дүниеден өтті,
Келгенде елу алты жасқа ажал жетті» —
деп, оның жасын нақтылап көрсетеді.

Әйтеке би жас жағынан Төле
мен Қазыбек билерден үлкен
болған. Оған Мәшһүр Жүсіп
Көпеевтің «Даналар» өлеңіндегі:
«Қазыбек, Әйтекедей көсем өткен,
Әлдибек, Айтбай, Майлы шешен өткен.
Жолы үлкен, жасы кіші Төле бидің
Әйтеке, Қаз дауысты Қазыбек-

тен», — деген шумақ та дәлел.
Ж.Мұратбаев пен Ө.Қойшиев
сынды зерттеушілердің пікірі
бойынша Әйтеке би 1700 жылы
қазан айында қайтыс болған.
Осыдан келіп 1644 жыл оның
туған жылы болып көрсетіледі.
«Әйтеке би» деген кітабында осы
пікірді жазушы Н.Әбуталиев те
келтіреді. Осыған сүйенсек, биыл
Әйтеке бидің туғанына 380 жыл
толғалы отыр.

Шара соңы ақпараттық бейнеролик
көрсетумен және «Қасқакөл дауы»
атты кітап көрмесімен жалғасты.

Биылғы 380 жылдық мерейтойы
тұсында Әйтеке би тұлғасы мен
мұрасын ғылыми түрде зерттеп-
зерделеу, насихаттау ісін қолға
алудың керектігін баса айтқымыз
келеді. Өйткені алда Әйтеке бидің
400 жылдық айтулы мерейтойы да
қол бұлғап тұр. 20 жыл әне-міне
дегенше өте шығады, ал сол күнге
қомақты ғылыми еңбектермен жету
жайын бүгіннен қамдамаса болмайды.

Оқымандарға қызмет көрсету
бөлімінің кітапханашысы
Жылқыбаева П.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы,
Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары,
38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15,
«Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №15/93, Таралымы:500 дана, пішімі:
А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі
+7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және
Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми
тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 мау-
сымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар
мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама
беруші жауап береді. Газетте жарияланған мате-
риалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Суреттер интернеттен және архивтардан алын-
ды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарыл-
майды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.
Балаларға тыйым салынған.